

АДСТАН

Газет 2005 жылдан
бастап шығады

Жамбыл облыстық қоғамдық-саяси газет

№ 11 (370) 8 сәуір 2016 жыл

E-mail: gazetaarstan@mail.ru


**ҰЛЫАР
ҰЛАҒАТЫ**

**БАСШЫСЫ —
ҚАДІРЛІ БОЛСА,
ҚАРАМАҒЫНДАҒЫЛАРЫ
МӘЗІРЛІ БОЛАДЫ.**

**ЖҮСІП
БАЛАСАҒҰН**



ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ



■ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛМА-ҚОЛ ТӨЛЕМ ЖАСАУҒА ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛАДЫ

Қазақстанда қолма-қол төлем жасауға шектеу қойылады. "Төлемдер және төлем жүйелері" заң жобасын Парламент Мәжілісінде Ұлттық банктің төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов таныстырды. "Біз халықаралық стандарт бойынша қозғалып келеміз. Қолма-қол есептесу аясы өркениетті елдерде тарылып жатыр. Бұл бірінші факт. Екінші факт - табыс ақшасының ағымы мен қаржы терроризміне қарсы іс-қимыл жөніндегі заңға сәйкес, қолма-қол есептесуді жеке тұлғалар арасында барлық операция түрінде барынша азайту туралы шешім қабылданды. Үшіншіден, халық қолма-қол есептесіп жатқан жағдайдағы банктердің тарифі бар. Карта арқылы жасалатын төлемдерде банктер комиссия ұстамайды. Сондықтан қолма-қол жасамайтын есептесудің кең тарауы бөлігіндегі лоббилеу банк мүддесін лоббилеумен байланысты емес. Бұл, керісінше, қаржы қызметтерін алатындардың банктерге аз төлеуге деген мүддесі", - деп мәлімдеді

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

немесе САҒАДИЕВТІҢ САЯСАТЫ САН ҚАҚТЫРМАСЫН

Ағымдағы жылдың ақпан айында Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерлан Сағадиев ҚР Білім және ғылым министрі қызметіне тағайындалған болатын. «Ерлан Кенжеғалиұлы Сағадиев Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі болып тағайындалсын», - делінген Жарлықтың мәтінінде.

ҮШ ТІЛДІК БІЛІМ БЕРГІ ЖҮМЕСІ

Тәуелсіздіктен бергі уақытта он үшінші Білім және ғылым министрі болып тағайындалған Ерлан Сағадиев - жекеменшік екі бірдей университеттің іргетасын қалаушылардың бірі. Балаларға орыс тілінен гөрі ағылшын тілін тереңірек білгені жөн деп санайтын Ерлан Кенжеғалиұлы - 8 жылдай уақыт АҚШ-та білім алып, қызмет еткен. Сондықтан,



халқының ән-биімен жалғасын тапты. «Шиват Цион» «Жамбыл облыстық еврей этномәдени орталығы» жыл сайын атап өтілетін «Пурим» мерекесін биыл да кеңінен атап өтуде. Орталық төрайымы Людмила Корнилина, орынбасары Светлана Гурская, №2 қалалық орта мектептің директоры, жастар және басқа да белсенді мүшелері осы мерекенің қызықты атап өтілуіне атсалды.



К.Сарымолдаев атындағы балалар мектеп-интернат үйінің кішкентай тәрбиеленушілерін карнавал киімдерін киген Эстар ханшайымы (ТарМу магистранты Тахмина Утеситова), Орыс сұлуы мен оның досы Рокер (қалалық №2 орта мектептің оқушылары Анастасия Урсаки мен Рустам Миршаипов), техника және бизнес колледжінің білімгері Тамара Лячина бастаған бір топ «сығандар» ән-билерімен қарсы алды.

Залға, салтанатты түрде, еврей библиосына енген Мегалит Эстер символын алып кіргенде, біздің эрамызға дейінгі 5 ғасырда атақты Ахашвероша патшасы билеген Персия империясының астанасы Шушане қаласында болған оқиғалар желісі туралы баяндала бастады. Вавилондар еврей халқының Бірінші храмын бұзып баса көктегеннен кейін олар өз отанынан Персия, Мидия және басқа да елдерге қоныс атқаруға мәжбүр болған екен.

Осындай 2400 жылдық тарихы бар бұл «Пурим» мерекесін еврей халқы карнавал шеруі, театрландырылған қойылымдармен кең көлемде қызықты атап өтуде.



Кеш барысында маңызды да маңыз Ахашверош патшасы (теміржол құрылысшысы Сергей Гурский) мерекеге қатысқан көздері бал-бұл жанған кішкентай балғындарға әдеттегідей тәтті сыйлықтар таратты.

**Жамбыл облысы әкімі аппараты
«Қоғамдық келісім» КММ
баспасөз-қызметі**

ету үшін демократиялық қағидағарна негізделген гендерлік саясаттың арнасын кеңейтуіміз керек.

Бізге бұл тұрғыда әлі де болса стереотиптер мен қатып қалған ұстанымдар бөгет болуда деп ойлаймын. Осындай жағдайда гендер мәселесін дәстүрлі дүниетаным шеңберінде қарастырудың мәні зор. Қоғамда қалыптасқан түсінікке тоқталсақ, әйел адамның негізгі жаратылысы – үй және жанұя, әйелдер жақсы басшы бола алмайды, әйелдің жұмыс істеуі балаларына жағымсыз әсер етеді, қоғамда қымыстың өсуіне ықпал

анасы – әйел. Сондықтан оған тиіс тигізуге де, қол тигізуге де болмайды”, – деген. Данышпанның осындай ойлы сөздеріне алып-қосарымыз жоқ-ау, сірә.

Қорытындылай келе, ер азаматтарымызға: отбасының ұйытқысы, берекесі, қамқоршысы әйел затын аялайық дегім келеді. Ал, әйелдер, сіздер, бұдан да жақсы өмір сүруге, бақытты ана, сүйікті жар болуға лайықсыздар!

Е.ЖАМАНКУЛОВ
Тараз қалалық
№ 2 сотының судьясы

ОҚУ ОРДАСЫ

МЫҚТЫЛАР МЕКЕНІ — ҚАЗҰУ!

Еліміздегі жоғары оқу орындарының ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің орны аса ерекше. 1934 жылы 15 қаңтарда бой көтерген оқу ордасы мемлекетіміздің абыройын асқақатып, мерейін өсіретін білікті азаматтар мен азаматшаларды білім нәрімен сусындата бастады. Міне, сол уақыттан бері ҚазҰУ еліне еңбегі сіңген сан мыңдаған мамандарды тәрбиелеп шығарды.

Кезінде талай студенттің арманы болған ҚазҰУ әлі де жас түлектердің түссем деп мақсат еткен жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Осы оқу ордасына түссем деп армандаған көп студенттердің бірімін мен де. Ең бірінші болып баурап алатын жайт, университетіміздің Алатау бөктерінде орналасуы. Сонымен қатар 100 гектар аумақты қамтыған университет өзінше бір «қалашық». Көпшілік оны «қала ішіндегі қалашық» деп жатады. Оқу ордамыздың бұлай аталуы әсте тегін емес. Себебі университет аумағында оқу корпустары, жатақханалар, интернет кафе, тамақтандыру комбинаты, спорт кешені, Орта Азия университеттері ішінде ең үлкен кітапхана және тағы да басқа студентке қажетті дүниелердің барлығы да бар еді. Сонымен қатар былтыр «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы ашылған. Ғимарат ішінде асхана, өзін-өзі басқару ұйымдары, супермаркет, кинотеатр және диагностикалық орталық орналасқан. Осының барлығы да университетіміздің

деңгейін көтеріп, студенттерге кез-келген нәрсе қолжетімді болу үшін жасалып жатыр. Ал студенттің қажеттілігін қанағаттандырып отыратын оқу орнының түлегі болу кімнің де болса арманы.

80 жылдық тарихы бар оқу ордамыз 14 факультеттен құралған. Соның ішінде мен «Экономика және бизнес жоғары мектебі» факультетінде оқимын. Мектепте оқып жүрген кезден-ақ осы факультетке түсемін деп алдыма мақсат қойдым. ҰБТ-тен жоғары балл алып, арманыма бір қадам жақын болу үшін күні-түні география пәнінен тынбай дайындалатынымын. Факультет ұстаздарымен танысқан күнім де әлі есімде. Ол кезде университетке құжаттарымды тапсыру үшін келген болатынымын. Қабылдау бөліміндегі жылы шырай танытып қарсы алған ұстаздарымыз да сол жас талапкерлердің жадында сақталған.

Менің факультетімде төрт кафедра бар. Соның ішінде мен «есеп және аудит» кафедрасының түлегімін. Факультет деканы

Б. Ж. Ермекбаева ұлттық және халықаралық стандарттарға сай аудит, талдау саласында біліктілігі жоғары мамандарды даярлауды мақсат тұтса, кафедра меңгерушісі А. М. Байдилядина осы талаптың орындалуын жіті қадағалауда. Әсіресе, ұстаздар қауымы мен студенттер тығыз байланыста. Соның бір дәлелі, кафедрамыздың ұстаздары жұмыс берушілермен келісім шартқа отырып, студенттерінің қызметке орналасуларына ықпал етуі. Сондықтан факультет пен кафедра басшылығына алғысымыз шексіз.

Мамандық таңдау – болашақты таңдау. Ал өзін сүйген мамандық бойынша жұмыс істеу – өзін жасаған дүниеден ләззат алу. Ал кәсібің бойынша үздік атану үшін сапалы білім керек. Осы жолда білімді шымдап, жетістікке жетелейтін оқу орны – мықтылар мекені ҚазҰУ.

Көзді ашып-жұмғанша өтіп кеткен төрт жыл студенттік өмірімді қызықты да мәнді етіп өткізгендігі үшін оқу ордама алғыс айтамын. Себебі тарадай болып келген талапкерді ҚазҰУ-ым бүгін де таудай етіп шығарып салмақ

К.С ИБРАЙ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ, ЭЖБЖМ 4 курс студенті
Г.ЖУНИСОВА, здвайзер,
А.БЕЙСЕНБАЕВА, ғылыми
жетекші, доцент м.а.